

Қостанай ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 17 мамырдағы № 247 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 маусымда № 7834 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 15 шілдедегі № 379 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 15.07.2020 № 379 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) бұйрығының 50-1-тармағына сәйкес, Қостанай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай ауданының әкімі

К. Ахметов

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Қостанай облысы қоғамдық денсаулық департаментінің Қостанай аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ А. Кусаев

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай облысының Ішкі істер департаменті Қостанай ауданының Ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы

_____ М. Жайлаубеков

Қостанай ауданы әкімдігінің
2018 жылғы 17 мамырдағы
№ 247 қаулысына қосымша

Қостанай ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 14.08.2019 № 573 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Елді мекен атауы	Орналасқан жері
1.	Александров ауылдық округі Александровка ауылы	Иноземцев көшесі, № 23 үйдің жанында
2.	Айсары ауылдық округі Айсары ауылы	Школьная көшесі, № 11 үйдің жанында
3.	Белозер ауылдық округі Белозерка ауылы	Калинин көшесі, № 8/1 үйдің жанында Целинный көшесі, № 25 үйдің жанында
4.	Владимиров ауылдық округі Владимировка ауылы	Мичурин көшесі, № 55 үйдің жанында
5.	Жамбыл ауылдық округі Жамбыл ауылы	Центральная көшесі, № 19 үйдің жанында
6.	Жданов ауылдық округі Ждановка ауылы	Алтынсарин көшесі, № 34 үйдің жанында

7.	Заречный ауылдық округі Заречное ауылы	Юбилейная көшесі, № 12 үйдің жанында
8.	Затобол кенті	саябақ аймағы, Тәуелсіздік және Школьная көшелерінің арасындағы Семина көшесі, құрылым 1/1 Тәуелсіздік көшесі, № 49А ғимараттың жанында Тәуелсіздік көшесі, № 76 үйдің жанында Қостанай қаласына авто көлік кіретін жолы, "К.А. Тимирязев" атындағы тұтыну кооперативінің жанында
9.	И.Ф. Павлов атындағы ауылы	Молодежная көшесі, № 9 құрылыстың жанында
10	Майкөл ауылдық округі Майкөл ауылы	30 лет Победы көшесі, № 36 ғимараттың жанында
11	Мичурин ауылдық округі Мичуринское ауылы	Мира көшесі, № 10 үйдің жанында
12	Мәскеу ауылдық округі Мәскеу ауылы	Дорожная көшесі, № 1 үйдің жанында
13	Наеждин ауылдық округі Воскресеновка ауылы	Киров көшесі, № 41 үйдің жанында
14	Наеждин ауылдық округі Наеждинка ауылы	Ленин көшесі, № 66 үйдің жанында
15	Озерный ауылдық округі Озерное ауылы	Ленин көшесі, № 6 үйдің жанында
16	Озерный ауылдық округі Суриковка ауылы	К. Маркс көшесі, № 39 үйдің жанында
17	Озерный ауылдық округі Шишкинское ауылы	Ленин көшесі, № 20 үйдің жанында
18	Октябрь ауылдық округі Лиманное ауылы	Фермовская көшесі, № 3 үйдің жанында
19	Октябрь ауылдық округі Молокановка ауылы	Селезнева көшесі, № 20 үйдің жанында
20	Октябрь ауылдық округі Нечаевка ауылы	Торговая көшесі, №10 үйдің жанында
21	Октябрь ауылдық округі Октябрское ауылы	Дорожная көшесі, № 21 ғимараттың жанында
22	Октябрь ауылдық округі Шокқарағай ауылы	Школьная көшесі, № 4 үйдің жанында
23	Половниковка ауылы	Ленин көшесі, № 61 үйдің жанында
24	Садчиков ауылдық округі Садчиковка ауылы	Ленин көшесі, № 173 үйдің жанында
25	Ульянов ауылдық округі Бегежан ауылы	Комсомольская көшесі, № 8 үйдің жанында
26	Ульянов ауылдық округі Ульяновское ауылы	Ленин көшесі, № 20 үйдің жанында

